

## **Первомай селосындағы Восточный көшесін Бақан Нұрғалиев атындағы көшеге қайта атау туралы**

Қостанай облысы Мендіқара ауданы Первомай селолық округі әкімінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 3 шешімі. Қостанай облысы Мендіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 маусымда № 9-15-131 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 қаулысымен бекітілген Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелер, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарының 5-тармағына сәйкес Первомай селосының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Первомай селосындағы Восточный көшесі Бақан Нұрғалиев атындағы көшеге қ а й т а а т а л с ы н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Первомай селолық округінің әкімі В. Сосенко*